

КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Шоқан Р.

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізін ғылыми-техникалық әлеует құрайды. Бұл елдің постиндустриалдық ақпараттық қоғамға өтуінің негізгі алғышаттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталмыш жағдай Қазақстан мемлекеті үшін де маңызды болып отыр. Елдің экономикалық өсуі және өркендеуі қолайлы географиялық орналасу жағдайы, табиғи ресурстардың қорының болуына ғана емес интеллектуальдық әлеуеттің қалыптасуы мен даму дәрежесінен де тәуелді. Өндірілетін өнімнің өзіндік құнын азайту, ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерциализациялау есебінен пайда болатын жаңа нарықтық мүмкіндіктерден жоғары рента алу экономиканы дамытудағы басым бағыттардың қатарына кіру керек.

Экономиканы дамытудың инновациялық жолына өту жалпы инновациялық қызметтерді жандандыруға яғни жаңа ұйымдастырушылық-басқарушылық, қаржылық-экономикалық әдістерді, жаңашыл өндірістік технологияны енгізу мен қолданыстағы тетіктерді жетілдіруді талап етіп отыр. Инновациялық экономика ғылыми сыйымды өндірістің есебінен ұлттық экономиканы қайта құруға мүмкіндік береді. Қазақстан экономикасындағы инновациялық даму үрдістері елдің әлемдік шаруашылық жүйесіне кеңінен кіруі мен интеграциялануды кеңейтуге деген басымдықтан туындап отыр. Ел экономикасында шикізатты өндіру мен алғашқы өңдеу сатысымен айналысып жатқан шикізат салаларында өндірістік үрдісті қайта құрылымдау, инновациялық білімге ұмтылу, инновациялық сипаттағы кәсіпкерлік қызметті жетілдіруге бағдарлану қажет.

Қазіргі уақытта «инновация» термині ең көп қолданылатын терминдердің біріне айналды. Термин жекелеген экономикалық құбылыстарды және үрдістерді сипаттау үшін қолданылып, «инновация», «инновациялық қызмет»,

«инновациялық кәсіпкерлік», «инновациялық үрдіс» және т.б. қосарланған сөздердің қалыптасуына әкелді. Бірақ бұл термин нені білдіреді, оны өндірісте, ғылымда, білім мен мәдениет салада және т.б. қандай мақсатта қолданады? Сөздіктерге жүгінетін болсақ. Нарықтық экономиканың түсіндірме сөздік-анықтамалықта «инновация» (ағыл. «innovation»)- жаңартпа, жаңа енгізілім)-ғылыми –техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа технология [1]. Іскер адамның орысша-қазақша экономикалық түсіндірме сөздігінде «инновация» (инновациялық процесс)- жаңа бұйымдарды, технологияларды, ұйымдық формаларды жасауға, өндіруге, дамытуға және сапа жағынан жетілдіруге бағытталған процесс [2]. Экономикалық орысша-қазақша сөздікте «инновация»- сұранымнан туындаған жаңартпа- деген тұжырымдама берілген [3].

«Инновация» термині алғаш рет шетелдік мәдениеттанушылардың ғылыми зерттеулерінде 19 ғасырда қолданылып, бір мәдениеттің кейбір элементтерін екіншісіне енгізуді сипаттаған. ХХ-ғасырдың басында жаңалықтың техникалық заңдылығы зерттеле бастады. Әлемдік экономикалық еңбектерде инновацияны сипаттайтын екі тәсілді кездестіруге болады. Біріншісі, 1911 жылы ағылшын экономисті Й. Шумпетер өзінің «Теория экономического развития» еңбегінде бес негізгі жағдайда (жаңа тауарды енгізуде, өнімді өндірудің жаңа әдісін енгізуде, жаңа нарықты игергенде, шикізат немесе жартылай дайын өнімдердің жаңа көздерін игергенде, қандай бір өнеркәсіпке жаңа ұйымдастырушылық құрылымды енгізгенде) жаңалық енгізу үрдісі туралы сөз қозғады [4]. Өткен ғасырдың 30-шы жылдары Й.Шумпетер «инновация» түсінігін инженерлік, технологиялық, өндірісті ұйымдастыруда, сатуда және жабдықтау үрдістеріндегі жаңа немесе жетілдірілген шешімдерді қолдануға байланысты кез-келген өзгерістерді сипаттау үшін қолданған.

Технологиядағы инновациялар мен жаңа өнімдер түріне қатысты ғылыми-техникалық аспектілерді ғана ескеретін «инновация» ұғымының неғұрлым тар мағынасы бар. П. Друкер: «Эффективное управление. Экономические задачи и оптимальные решения»-еңбегінде инновация терминіне «...инновация дегеніміз –бұрын болмаған жаңалықты әзірлеу және енгізу, оның көмегімен ескі, танымал элементтер бизнеске жаңа көрініс береді...»- деген анықтама берген [5]. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі инновация ұғымына берілген тұжырымдамаларға сүйене отырып, инновацияны ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге немесе нарықтың сұранысына ие жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді өндіруді, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдістерді қалыптастыруды, тәжірибеде қолдану үшін жаңа қызметтерді ұсынуды, жұмыстарды орындауды, жаңа сату нарықтарын игеруді, жаңа өндірістік шикізаттарды қолдануды сипаттаушы ұғым деген қорытынды жасауға болады.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы 2017 – 2018 жылдарға арналған есебінің қорытындылары бойынша Қазақстан әлемнің 137 елі ішінде 57 орынды алып отыр [6]. Зерттеу кезінде институттар сапасы, инфрақұрылым, макроэкономикалық орта, денсаулық сақтау және бастауыш білім, жоғарғы білім және кәсіптік дайындық, тауарлар нарығының тиімділігі, еңбек нарығының тиімділігі, қаржы нарығының дамуы,

технологиялық дамудың деңгейі, ішкі нарық өлшемі, компаниялар мен инновациялардың бәсекеге қабілеттілігі тәрізді 12 көрсеткіш негізге алынады. Соның ішінде, инновациялардың даму деңгейі бойынша Қазақстан 84 орынды иеленіп отыр, бұл мемлекеттік саясатты және ұлттық басымдықтарды жетілдіру үшін негіз болып табылады. Қазақстан Республикасында әлем елдерінің тәжірибелерін ескере отырып, инновациялық тұрғыдан дамудың ұзақ мерзімді жоспары бекітілді. Мемлекет тарапынан жүйелі қолдаудың нәтижесінде инновациялар Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық маңызды бағыты ретінде айқындалды. Бастапқыда инновациялық даму мәселелері 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында, содан кейін 2003 - 2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясында, Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005 - 2015 жылдарға арналған бағдарламасында және индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларында көрініс тапты [8]. Инновациялық қызметті құқықтық реттеу 2006 жылы «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңның қабылдануынан бастау алды. 2013 жылы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы қабылданды [7].

Мемлекеттің инновациялық даму тұжырымдамасының мақсаты - экономиканың шикізаттық түрінен инновациялық түріне өтуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа жоғары технологиялар мен қызмет көрсетулер негізінде Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіру болып табылады. Тұжырымдама мақсатына қол жеткізу үшін келесідей міндеттер белгіленген: инновацияларды, аса жаңа материалдар мен технологияларды тұтынуды кеңейту; Қазақстанның энергетикалық теңгерімінде жаңартылатын энергия көздерінің үлес салмағын арттыру үшін инновацияларды үстемелеуге жәрдемдесу; жетекші инновациялық кластерлерді одан әрі дамыту; перспективалы технологиялық бағыттарды дамытудың оңтайлы бағыттарын айқындау; өңірлік экономикалық интеграция мен ішкі басқаруды орталықтан алу процестерін ескере отырып, өңірлік инновациялық жүйелерді күшейтуді қамтамасыз ету; жаңа технологияларды тарту мен жоғары технологиялық өндірістерді жасау бойынша шетелдік инвесторлармен және компаниялармен ынтымақтастықты кеңейту үшін елдің шикізаттық әлеуетін пайдалану.

Сонымен қатар 2020 жылға дейінгі мемлекеттің инновациялық даму тұжырымдамасын инновациялық ортаны қалыптастыру мен инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған бірқатар нақты шараларды қарастырған.

Атап айтсақ, инновациялық қызметті қолдаудың тиімді құралдарын жоғарлатуға арналған жүйелі жұмыстар іске асырылмақ. Өңірлік инновациялық жүйені қалыптастырудың әдістемесі дайындалып, республикалық, өңірлік деңгейлерде инновацияларды мемлекеттік қолдаудың жаңа бағыттары айқындалмақ. Сондай-ақ Қазақстанның әрбір өңірінде инновацияны қолдауға арналған технологиялық парктердің негізінде өңірлік даму институттары ұйымдастырылып қазіргі уақытта жұмыс істеп жатыр.

Технологиялар мен инновацияларды жетілдіру саласында жүргізіліп жатқан реформалар нәтижесінде еліміздің инновациялық даму индикаторларының

өсуінің оң қарқыны орын алып отыр. 2019 жылы ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар, 82333,1 млн. теңге жұмсалып, 2010 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артқан. Осы жылдар ішінде ҒЗТКЖ-мен айналысқан ұйымдар саны 2010 жылы 424 бірлік болса, 2019 жылы 38 бірлікке төмендеп, 386 бірлікті құрады. ҒЗТКЖ-мен 2019 жылы республика бойынша 21843 адам айналысты [9,10]. Ел экономикасына инновацияны енгізу саласында бірқатар мәселелер орын алды. Экономиканы ынталандыру бойынша едәуір күш-жігер жұмсалды, алайда салалардың негізгі факторларының бірі ретінде инновациялық шағын және орта кәсіпкерлікті құруға назар аударылмау; білімнің жетіспеуі, серіктестерді таңдау және сендіру, сондай-ақ инновациялық жобалардың дұрыс үлгісін тарту үшін жауапты ұйымдардың қатысушыларында келіссөздер жүргізу тәжірибесінің және тілдік машықтарының жетіспеушілігі; инновациялар жолындағы әкімшілік кедергілердің болуы; тәуекелді инвестициялардың шектеулігіне байланысты венчурлік қорлар тетігінің дамымауы және жеке сектордың инновацияларға қатысудың төмен дәрежесі қалыптасқан [7]. Салада қалыптасып отырған түйткілді жағдайлардың болуына қарамастан, саланың дамуында оң өзгерістер байқалуда (1- кесте).

Инновациялық қызметпен белсенді айналысушы кәсіпорындардың саны 2019 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 10,6 пайызға төмендеп, 28414 бірлікті құрады. Мемлекетте кәсіпорындардың инновациялық қызметінің белсенділік жағдайы төрт бағыт бойынша анықталады, олар: өнімдік инновациясы барлар, үдерістік инновациясы барлар, маркетингтік инновациясы барлар және ұйымдық инновациясы барлар. 2019 жылы инновацияның барлық түрлерін қолданушы кәсіпорындар саны 3206 бірлікке яғни 2015 жылмен салыстырғанда 24,0 пайызға өскен. Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Инновациялар» факторы бойынша 2019 жылы Қазақстан рейтингі 55 позицияға орналастырған, сарапшылар ең төменгі бағаны Қазақстандағы қаржы жүйесіне берді – 104 орында. Денсаулық және инновациялық қабілет бойынша - 95 орында, бизнестің даму қарқыны бойынша 35 орында. Ал, еңбек нарығына ең жоғары баға беріп, 25 орынды иемденген. Бұл зерттеуге алынған 141 мемлекеттің ішіндегі Қазақстанның рейтингі [6].

1- Кесте

ҚР инновациялық белсенділік қызметінің даму серпіні

Көрсеткіштер	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2019 ж
Кәсіпорындардың саны, бірлік	31784	31077	30854	30 501	28 414
одан:					
инновацияның барлық түрлері бойынша инновациясы барлар, бірлік	2585	2879	2974	3 230	3206
өнімдік және процестік инновациясы бар, бірлік	1781	1743	1770	2 019	2 131
Инновациялық өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) ЖІӨ-дегі үлесі, %	0,92	0,95	1,55	1,91	1,41

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы инновациялық өнімнің жалпы өнеркәсіп өндірісінің көлеміндегі үлесі, %	1,80	1,81	3,21	3,83	2.81
Ескерту: [9,10] әдебиет көзі негізінде құрастырылған					

Инновациялық қызметті дамыту үшін арнайы қаржылық қолдау құралдары кеңейтіліп, отандық кәсіпорындар үшін салықтық жаңа жеңілдіктер мен преференциялар енгізілді. Инновациялық қызметті қаржыландыру инновациялық гранттар, жобалық және венчурлық қорлар тарапынан жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметтің қазіргі жағдайына жасалған талдаулар төмендегідей қорытындылар жасауға негіз болып отыр:

- мемлекет деңгейінде инновациялық қызметті дамыту мен қолдауға бағдарланған мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар қабылданып, жүзеге асырылуда;

- инновациялық белсенді кәсіпорындар санының талдауға алынған жылдар ішінде өсуі байқалады;

- зерттеулер мен әзірлемелерді орындаған ұйымдар саны және онда жұмыс істеуші қызметкерлер саны артқан.

- елде инновациялық белсенділікті анықтаудың негізгі параметріне сәйкес кемінде инновацияның бір түрін қолданысқа енгізген кәсіпорындар саны өскен.

Сонымен, Қазақстан инновациялық тұрғыдан дамыған елдердің қатарына кірмейтін болса да, елде инновациялық кәсіпорындарды дамытудың мүмкіндіктері жасалып жатыр. Осы саладағы белсенді және сауатты ойластырылған мемлекеттік саясат кәсіпорындарды экономикадағы өзгерістер мен ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін ұйымға енгізуге негіз болады. Бұл өз кезегінде қазақстандық кәсіпорындардың, сонымен бірге жалпы мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рыночная экономика. Русско-казахский толковый словарь-справочник/ Под редакцией М.Р. Насыровой.-Алматы: Білім, 1995-608с.

2. Русско-казахский толковый экономический словарь предпринимателя.-Алматы: МВП «Инкар», МЧП «Тулга». 1993г.-320с.

3. Экономический русско-казахский словарь /под ред. академика А. Кошанова - Алматы: Дайк-Пресс, 2008.-1164 с.

4. Шумпетер Й.А. Теория экономического развития./Перевод В.С. Автономова и т.д. М.: Прогресс, 1982.-401с.

5. Друкер П. Эффективное управление. Экономические задачи и оптимальные решения /Пер. с англ. М.Котельниковой. - М.: ФАИР-ПРЕСС, 1998.- 288 с.

6. The global competitiveness report 2019// <http://www3.weforum.org>

7. Указ Президента Республики Казахстан от 4 июня 2013 года № 579 Об утверждении концепции инновационного развития Республики Казахстан до 2020 года// <https://kaz.tengrinews.kz>

8. Государственная программа индустриально - инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы/ <http://adilet.zan.kz>

9. Наука и инновационная деятельность Казахстана /Статистический сборник /на казахском и русском языках 2013-2017. Астана-2018

10. Наука и инновационная деятельность Казахстана /Статистический сборник /на казахском и русском языках 2015-2019. Астана-2020